

«Сиқырлы білім еліне саяхат»

Мақсаты: Балалардың білімге деген қызығушылығын арттыру, ойлау қабілетін дамыту, жаңа нәрсені үйренуге ынталандыру.

Міндеттері:

- Танымдық қызығушылығын дамыту
- Сұрақтарға жауап беру арқылы ойлауын жетілдіру
- Ұжымда жұмыс істеуге үйрету
- Қиялын және сөйлеу тілін дамыту

Барысы:

1. Шаттық шеңбері

Балалар шеңберге тұрады. Тәрбиеші балалармен бірге айтады:

“Біз ақылды баламыз,

Білім іздеп барамыз.

Сиқырлы елге жетеміз,

Көп нәрсені үйренеміз!”

Балалар қол ұстасып, күлімдейді.

2. Тренинг №1 – “Сиқырлы сандықша”

Мақсаты: Балалардың танымдық қабілетін дамыту.

Қажетті құралдар: Қорап (сандықша), ішінде әріптер, сандар немесе суреттер.

Өткізу барысы:

1. Сандықшадан бала бір зат алады.
2. Сол зат туралы айтады немесе сұраққа жауап береді
 - Мысалы: “Бұл қандай әріп?”, “Қай түсті?”, “Қандай жануар?”
3. Әр дұрыс жауаптан кейін тәрбиеші: “Жарайсың, білімді бала!” деп мадақтайды.

3. Тренинг №2 – “Білім жолы”

Мақсаты: Ойлау және топпен жұмыс жасау қабілетін дамыту.

Қажетті құралдар: Түрлі тапсырмалар жазылған карточкалар.

Өткізу барысы:

1. Еденге “жол” жасалады (дөңгелектер немесе қағаздар).
2. Әр аялдамада тапсырма болады:
 - Түсті ата
 - Сан сана
 - Жаңылтпаш айт
 - Суреттегі затты тап
3. Балалар тапсырманы орындап, “Сиқырлы білім еліне” жетеді.



Қорытынды: Балалар сиқырлы білім еліне саяхат жасап, көп нәрсе үйренді. Бірге тапсырма орындау арқылы білімнің қызық екенін түсінді. Тәрбиеші: “Білімді бала – бақытты бала!” деп балаларды мақтайды.

Педагог-психолог: Нұрлыбекова С.Е